

**Сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы  
(2005 жылғы 1 ақпан)**


**Сақтандыру сыйлықақылары.**

Ағымдағы жылдың қаңтар айында сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 7 827,7. теңгені құрайды, бұл 2004 жылда жиналған көлемнен 90,6%-ке көп.

**Сақтандыру сыйлықақысының түсімі/ Поступление страховых премий**

Сақтандыру сыйлықақыларының түсуі/ Поступление страховых премий	1.02.04ж.	1.02.05ж.		1.02.2004ж. салыстырғанда ғы өзгеріс, %- пен/ Изменение по сравнению с 1.02.2004г., в %
		Сомасы/ Сумма	үлесі %/ доля, %	
Барлығы, оның ішінде:	4 106,0	7 827,7	100,0	90,6
Всего, в том числе по:				
Міндетті сақтандыру бойынша/ Обязательному страхованию	884,9	1 052,3	13,5	18,9
Ерікті жеке сақтандыру бойынша/ Добровольному личному страхованию	390,8	518,6	6,6	32,7
Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша/ Добровольному имущественному страхованию	2 830,3	6 256,8	79,9	121,1

Кестені қарағанда 2005 жылғы 1 ақпанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың дәл сол көрсеткішінен 18,9%-ке өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю 32,7%, ерікті мүлктік сақтандыру бойынша 121,1% болды.



2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша сақтандыру кластары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсу құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандырудағы** көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі 82,3% (866,5 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті жеке сақтандырудағы** сақтандыру сыйлықақылары түсімінің 43,8% (227,0 млн. теңге) медициналық сақтандыру бойынша түскен түсім бойынша, жазатайым жағдайдан және аурулардан сақтандыру бойынша 43,2% (224,2 млн. теңге), 11,5% (59,5 млн. теңге) өмірді сақтандыру бойынша болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандырудағы** сақтандыру сыйлықақылары түсімінің 62,9% ( 3 935,9 млн. теңге) зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша, мүлікті сақтандыру бойынша 22,1% (1 384,9 млн. теңге) жүктерді сақтандыру бойынша болып келеді және жүктерді сақтандыру бойынша 3,9% (241,2 млн теңге)

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

*млн. теңге*

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түскен түсімдері/ Поступление страховых премий по отраслям страхования	1.02.04 ж.		1.02.05 ж.		1.02.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен/ Изменение по сравнению с 1.02.2004г., в %
	Сомасы/ Сумма	Үлесі, %/ Доля, %	Сомасы/ Сумма	Үлесі, %/ Доля, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы/ Всего по отраслям страхования	4 106,0	100	7 827,7	100	90,6
Өмірді сақтандыру/ Страхование жизни	30,6	0,7	59,5	0,8	94,4
Жалпы сақтандыру/ Общее страхование	4 075,4	99,3	7 768,2	99,2	90,6

**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша «өмірді сақтандыру» класы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 59,5 млн. тенге болды, бұл өткен жылдың дәл осы күнімен салыстырғанда 94,4%-ке көп. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша есепті күнге жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2004 жылғы 1 ақпандағы 0,7%-ке қарсы, 0,8% -ті құрап отыр.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2005 жылдың бір айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 7 768,2 млн. теңге болды, бұл 2004 жылдың осы кезеңінен 90,6%-ке артық. "Жалпы сақтандыру" саласында негізгі үлес алатын сақтандыру кластары арасында мыналарды айтуға болады:

"зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру" класы– 50,7% ( 3 935,9 млн. теңге);

"мүлікті сақтандыру" класы – 17,8% (1384,9 млн. теңге);

"көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру" класы– 11,2% (866,5 млн. теңге);

"автокөлік құралдарын сақтандыру" класы – 4,1% (321,8 млн. теңге).

2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша, өткен есепті күндермен салыстырғанда, үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 75,5%-і келетін сақтандыру сыйлықақыларын жинау бойынша негізгі 5 сақтандыру компаниялары-көшбасшыларының арасында бірқатар өзгерістер байқалды. Олардың ішінде: "Еуразия" СК" АҚ-ы - 47,5%, "ЭйАйДжи Қазақстан" ЖАҚ-ы – 10,6%, "Лондон-Алматы" СК" БК АҚ-ы –8,3%, "Казкоммерц-Полис" СК" ААҚ-ы - 4,8%, "Мұнай сақтандыру компаниясы" ААҚ-ы - 4,3%.

ҚР резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру компанияларының 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинаған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 21,3% (1664,4 млн. теңге) болып отыр.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2 895,4 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтықты көлемінің 37,0%-і болып отыр. Мұндайда резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 30,1%-і беріліп отыр.

### Қайта сақтандыру/перестрахование

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары/ Страховые премии, переданные на перестрахование	1.02.04 ж.		1.02.05 ж.	
	Сомасы/ Сумма	Жиынтық сыйлықақы үлесі, %-пен/ Доля в совокупных премиях, %	Сомасы/ Сумма	Жиынтық сыйлықақы үлесі, %-пен/ Доля в совокупных премиях, %
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде/ Всего передано в перестрахование, в т.ч.	1 133,1	27,6	2 895,4	37,0
Резидент еместерге/ Нерезидентам	937,7	22,8	2 352,9	30,1
Резиденттерге / Резидентам	195,4	4,8	542,5	6,9

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 99,6%. Ерікті жеке сақтандыру бойынша - 0,4%.

### Сақтандыру төлемдері.

2005 жылдың бір айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдың дәл сол кезеңімен салыстырғанда 1,2%-ке арта отырып, 6 69,6 млн. теңге болды. Сонымен бірге қайта сақтандыру ұйымдары қайта сақтандыру есебінен өтеп отырған сақтандыру төлемдерінің үлесі 2,6% (17,2 млн. теңге) болып отыр.

### Сақтандыру төлемдері/страховые выплаты


Сақтандыру төлемдері/ Страховые выплаты	1.02.04 ж.	1.02.05 ж.		1.02.2005ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен/ Изменение по сравнению с 1.02.2005г., в %
		Сомасы/ сумма	Үлесі, %/доля %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша: Всего, в том числе по:	661,9	669,6	100	1,2
Міндетті сақтандыру бойынша/ Обязательному страхованию	218,9	249,3	37,2	13,9
Ерікті жеке сақтандыру бойынша/ Добровольному личному страхованию	84,3	96,3	14,4	14,2
Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша/ Добровольному имущественному страхованию	358,7	324,0	48,4	-9,7

1.02.2005 жылғы жағдай бойынша сақтандыру кластары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** - көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер 99,8% (248,8 млн. теңге) болды;

**ерікті жеке сақтандыруда** - сақтандыру төлемдерінің 82,1% (79,1 млн. теңге) медициналық сақтандыру төлемдеріне келеді, 11,5% (11,1 млн. теңге) жазатайым жағдайдан және аурулардан сақтандыру бойынша және 6,0% (5,8 млн. теңге) өмірді сақтандыру бойынша келеді;

**ерікті мүліктік сақтандыруда** - сақтандыру төлемдерінің 31,0% (100,4 млн. теңге) кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша, 28,8 % (93,2млн. теңге) автомобиль көлігін сақтандыру бойынша және 22,1% (71,6 млн. теңге) жүктерді сақтандыру бойынша келеді.



2005 жылдың қаңтар айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру класы бойынша төлемдердің жиынтық сомасының 37,2%-і болды. Сақтандырудың осы класы бойынша (сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына ара-қатынасы) шығын коэффициенті 2004 жылғы 1 ақпандағы 25,6%-ке қарсы, 28,7%-ті құрады. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша шығын өсімінің үрдісі сақталуда. Бұл міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері “Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы” ҚР Заңында белгіленген мөлшерден аспайтындығымен негізделген.

Кері көрініс ерікті жеке мүліктік сақтандыру кластары бойынша байқалады. Сақтандырудың осы кластары бойынша шығын коэффициенті өткен жылғы 21,6%-ке қарсы, тиісінше 18,6% болды, бұл сақтандырудың осы класы бойынша сақтандыру төлемдерінің өсуімен салыстырғанда сақтандыру сыйлықақысының жоғары өсімін білдіреді.

Жалпы алғанда есепті күнге шығын коэффициенті 8,6% болды.

## Шығын коэффициенті/ Коэффициент убыточности

Сақтандыру қызметінің түрлері/ Виды страховой деятельности	Шығын коэффициенті, %-пен/ Коэффициент убыточности, %	
	1.02.2004ж./ на 1.02.2004г.	1.02.2005ж./ на 1.02.2005г.
Барлығы, оның ішінде:	16,1	8,6
Всего, в т.ч.:		
Міндетті сақтандыру бойынша/ По обязательному страхованию	24,7	23,7
Ерікті жеке сақтандыру бойынша/ по добровольному личному страхованию	21,6	18,6
Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша/ по добровольному имущественному страхованию	12,3	5,2

## Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығында 36 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 2- өмірді сақтандыру бойынша, 6 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 8 сақтандыру брокері, 26 актуарии және сақтандыру ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензиялары бар 34 аудиторлық ұйым лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы /Институциональная структура страхового сектора	01.02.04ж.	01.02.05ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде / Количество страховых организаций, в т.ч.	33	36
Резидент еместердің қатысуымен/с участием нерезидентов	3	6
өмірді сақтандыру бойынша / по страхованию жизни	1	2
Сақтандыру брокерлерінің саны/ Количество страховых брокеров	5	8
Актуариилер саны/ Количество актуариев	26	26
Сақтандыру ұйымында аудит жүргізу құқығы бар лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың саны/ Количество аудиторских организаций, имеющих лицензию на право осуществления аудита страховой организации	28	34

31 сақтандыру ұйымы есепті күнге “Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры” АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының есепті меншікті капиталының мөлшері 24 359,7 млн. тенге болды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 39,5%-ке (17 468,4 млн. тенге) көп болды.

Қаржы көрсеткіштері/ Финансовые показатели	1.02.2004ж.	1.02.2005ж.	млн. теңге
			1.02.2004жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен/ Изменение по сравнению с 1.02.2004г., в %
Жиынтық активтер/ Совокупные активы	30 667,5	45 927,5	49,8
Міндеттемелер /Обязательства	8 564,4	16 157,7	88,7
оның ішінде таза сақтандыру резервтері/ в т.ч. чистые страховые резервы	5 800,9	11 816,4	103,7

Басқа да міндеттемелер/ Прочие обязательства	2 763,5	4 341,3	57,1
Меншікті капитал (баланс бойынша)/ Собственный капитал (по балансу)	22 103,1	29 769,8	34,7

Есепті күнге «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 9,9%-і болды. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы «жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 1,0%-ін құрайды.

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2005 жылғы 1 ақпанда 45 927,5 млн. теңге болды, бұл 2004 жылғы 1 ақпандағы дәл сондай көрсеткіштен 49,8%-ке көп, оның ішінде:

Активтер / Активы	1.02.2004ж.		1.12.2004ж.		1.02.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен / Изменение по сравнению с 1.02.2004г., в %
	Сомасы / Сумма	үлесі, % / доля, %	Сомасы / Сумма	үлесі, % / доля, %	
Ақша/ Деньги	1 802,6	5,9	1 845,7	4,0	2,4
Орналастырылған салымдар / Вклады размещенные	3 074,6	10,0	7 847,0	17,1	155,2
Бағалы қағаздар / Ценные бумаги	17 634,2	57,5	24 727,8	53,8	40,2
Сақтанушыдан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары / Страховые премии к получению от страхователей и посредников	3 917,7	12,8	4 298,2	9,4	9,7
Негізгі құрал-жабдықтар/Основные средства	1 828,9	6,0	1 755,5	3,8	-4,0
Материалдық емес активтер/ Нематериальные активы	32,3	0,1	60,2	0,1	86,4
Басқа дебиторлық берешек / Прочая дебиторская задолженность	1 324,8	4,3	1 894,7	4,1	43,0
Басқа активтер / Другие активы	1 052,4	3,4	3 498,4	7,7	232,4
Активтер жиынтығы / Итого активы	30 667,5	100,0	45 927,5	100,0	49,8

Жалпы алғанда 2005 жылдың қаңтарында сақтандыру ұйымдары активтерінің сомасы 4,2%-ке (1 832,8 млн. теңгеге) ұлғайды.

**Міндеттемелер.** 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылмен салыстырғанда 88,7%-ке өсе отырып, 16 157,7 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданылып жүрген сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрылған сақтандыру резервтерінің көлемі 11 816,4 млн. теңге болды, бұл 2004 жылдың 1 ақпанында қалыптасқан резервтер көлемінен 103,7%-ке артық. Қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі есепті күндегі үлесі 7 676,0 млн. теңге болды.

**Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері /  
Основные показатели страхового сектора**

	01.02.2004ж-ға	01.01.2005ж-ға	01.02.2005ж-ға
<b>ЖІӨ, млрд. теңге / ВВП, в млрд. тенге</b>	4 449,8	5 542,0	6 397,0 <sup>1</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен / Отношение страховых премий к ВВП, в %	0,65	0,72	0,12 <sup>2</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен / Отношение собственного капитала к ВВП, в %	0,30	0,53	0,47
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен / Отношение активов к ВВП, в %	0,47	0,80	0,72
Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен / Отношение страховых премий на душу населения, в тенге	1 931	2 665	522

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

<sup>1</sup> - 2005 жылға болжамды деректер

<sup>2</sup> - 2005 жылдың қаңтарында алынған сақтандыру сыйлықақылары